

**Тәкей Есетов атындағы № 264 мектеп-лицей жанындағы қосымша
білім беру орталығы «Көркем-ай» би үйірмесінің жетекшісі
Қарағұлова Маржанның 2024-2025 оқу жылындағы
екінші тоқсандық анықтама есебі**

«Көркем-ай» би үйірмесінің мүшелері екінші тоқсан барысында жоспар бойынша оқу- тәрбие жұмыстарына белсене араласа білді.

Жоспар бойынша оқушылар би билеп, жаттығулар жасап, денелерін тік ұстап жүруді үйренді. Сонымен қатар, тәрбиелік іс - шараларда белсенділік танытып, биіктерден көріне білді. Сабақ барысында балалар қазақ биі «Алаш ұраны», «Күнбағыстар» биі, «Ковбой» биі , «Көңілді экзаменшілер» билерін жетік меңгерді.

2024 жылдың 9 қараша күні Қызылорда Облыстық полиция департаменті жергілікті полиция қызметі басқармасының ұйымдастыруымен өткізілген «Қозғалыстың жас инспекторлары» жасақтарының облыстық байқауында өнер көрсетіп, белсене атсалысты.

17 қараша күні «Атадан-мұра» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен өткен «Turan Fest» Республикалық байқауына қатысып, 1-орын иеленіп, бағалы сыйлықтармен марапатталды.

19 қараша күні үйірме мүшелері кітап оқуға және білім алуға қызығушылықтарын қалыптастыру мақсатындағы «Балалар кітапханасы» жобасына белсене атсалысты.

Сонымен қатар, эстетика және ҚББ орталығының онкүндік аясында «Классикалық би өнері» атты ашық сабақ өтілді.

10 желтоқсан күні үйірме мүшелері «Жетістігімді еліме арнаймын» атты челленджді бастап, басқа да үйірме мүшелеріне жолдады.

16 желтоқсан күні Ә.Тәжібаев атындағы кітапханада ҚР-ның Тәуелсіздік күніне орай өткізілген «Тәуелсіз елім – кең байтақ жерім» атты іс-шараға да қатысып, өз өнерлерін көрсетті.

30 желтоқсан күні Қалалық білім бөлімінің ұйымдасыруымен «Жыл үздіктерін» марапаттау іс-шарасына да қатысып, белсене атсалыса білді.

«Көркем-ай» би үйірмесінің жетекшісі:



Қарағұлова М.Ғ.